

М.Ш.Қабанов, Ж.З.Кадина

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: kadina_71@mail.ru)*

Толғау жанрындағы сөйлемдердің өзара байланысы

Мақала авторлары халқымыздың көне мұрасы — жыраулар поэзиясының синтаксистік ерекшелігіне тоқталған. Толғау жанрының өкілдері Шалкиіз, Доспанбет, Бұқар жыраулардың шығармалары негізінде мысалдар көрсетілген. Жай сөйлемдердің қатар тұрған қалыбындағы байланыс реті ондағы сөйлем мүшелерінің орын тәртібі мен санына байланысты жүзеге асады. Мәтінде бірыңғай келетін сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдердің де осы тұрғыдағы ерекшелігі көзге түседі. Басты назар мәтін көлеміндегі мұндай ерекшеліктің ерте поэзияның бір сипаты екеніне аударылды.

Кілт сөздер: параллелизм, сөйлем, лингвостилистика, тепе-теңдік, синтаксистік құрылымдар.

Көркем туындының синтаксистік тұрғыдағы айшықтау тәсілдері сол өздері қатыстырылған шығарманың әр түрлі дәрежедегі синтаксистік сипатын беріп тұратындығымен ерекшеленеді. Шығармада кездесетін осындай айшықтау тәсілдерінің бірі — параллелизм. Параллелизмнің өзіндік түрлері көп. Бұл құбылыс бұған дейін әдебиеттану тұрғысынан қарастырылып келді. Ал қазақ лингвистикасында параллелизм жайында нақты бір көлемді зерттеу жоқ.

Лингвистикалық сөздікте параллельділікке мынадай анықтама береді: «Параллельділік — тілдік шығармадағы жеке образдардың, мотивтердің, тағы басқалардың ұқсас элементтерінің бірдей орналасуынан көрінетін байланыс: екі немесе одан да көп сөйлемдегі ұқсас мүшелердің бірдей орналасуы» [1].

Ғалым Қ.Өмірәлиев параллелизм жайында: «Бұл топтағы өлеңдер ырғақтық, инверсиялық, ұйқастық шарттар екінші қатарға шегеріліп, тұрақты модель-формаға айналған біртектес баяндауыш формалас, мағыналас сөйлемдер тізбегіне құрылатындықтан, осындай дайын модель-формалы сөйлем жолдарды қоса беруге көнгіш» [2], — дейді. Олардың мәтінге бірегей қозғалыс тудыруына қатысты Б.В.Томашевский: «Параллелизмы не только повторяют, но и производят некое движение. Иногда это движение совпадает с тематическим нагнетанием» [3], — деп көрсеткен.

Синтаксистік параллелизмнің қатар келген сөйлемдерді тізбектеудегі рөлі ерекше. Профессор Т.Р.Қордабаев синтаксистік параллелизм жайында: «Поэзияда кездесетін синтаксистік қатынас тәсілінің тағы бір түрі — параллелизм. Параллелизмнің түрі де, функциясы да көп, бізге керегі оның тармақтарды, сөйлемдерді бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа келтіруге септігін тигізетін түрі, яғни синтаксистік параллелизм» [4], — деген.

Параллель сөйлемдерде мағына жақындығы біркелкілікке байланысты болады, сондықтан олардың сыртқы (грамматикалық) құрылымында да параллельдік элементтер болады [5].

Өлең сөздегі қатар келген сөйлемдер байланысы сан алуан параллель тәсілдер арқылы жасалады. Сондай тәсілдің бірі — синтаксистік қайталау. Синтаксистік айшықтаудың бұл түрі сөйлем мүшелерінің қайталануы және сөйлемдердің құрылымдық тепе-теңдігі арқылы жүзеге асады.

Көркем мәтіндегі синтаксистік қайталаулардың болмысы өте күрделі әрі ерекше болып келеді. Күрделі болатын себебі — бұл қайталау бірнеше қатарлы сөйлемдерді мәтін ішінде байланыстырушы бірден бір негізгі жүйе.

Мұндай сипатты сөйлемдер тізбегінің қайталауға қатысы мен басқа да қасиетін ашу қажеттігін қазақ тіл білімінде О.Бүркітов мәселе етіп қойды. Ғалым: «Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық табиғатын барлық қырынан қарастырған кезде бір мәселе ғалымдар тарапынан еленбей, ескерусіз қалып келді. Ол мәселе — синтаксистік параллелизмнің тілдік табиғаты. Синтаксистік параллелизмнің қайталама категориясына қатысын былай қойғанның өзінде, осы тәсілдің тілдік ерекшеліктері, негізгі белгілері, құрылымдық сипаты және стилистік қызметі сияқты мәліметтер мен деректер, тұжырымдар мен қисындар бүгінгі лингвистикалық әдебиеттерде жоқтың қасы. Атының өзі айшықтың тіл ғылымына тікелей қатысты екендігін айтып тұрса да синтаксистік параллелизм толыққанды тілдік құбылыс ретінде лингвостилистикада әлі күнге танылмай келеді» [6;4], — деген пікір айтады.

Параллель сөйлемдерде мағына жақындығы біркелкілікке байланысты болады, сондықтан олардың сыртқы (грамматикалық) құрылымында да параллельдік элементтер болады [6; 41].

К.М.Абдуллаев: «Синтаксистік параллелизм бірізді болып келеді және олардың компоненттері синтаксистік құрылысы жағынан бірдей немесе өзара ұқсас болып келеді. Параллель компоненттер сөйлемдерді формалық жағы тәрізді мағыналық жағынан да бір типті етеді. Формалық біркелкілік әр түрлі бір типті компоненттердің мүшелері бірдей немесе грамматикалық қатынастардың бірдей болуымен сипатталады» [7; 74], — деген.

Бұл ғалым параллелизмдерді толық және жартылай синтаксистік параллелизм деп бөле келе, оны былайша сипаттайды: «Мәтінді құраушы компоненттердегі синтаксистік единицалардың немесе сөйлем мүшелерінің құрылымы жағынан абсолютті тепе-теңдігі толық параллелизм жасайды» [7; 295].

Ал толық емес параллелизмге қатысты: «Толық емес параллелизм жағдайында құрылымдық тепе-теңдіктен аздаған ауытқулар болуы мүмкін. Ондай ауытқуларға, мысалы, мәтін құрамындағы компоненттер элементтерінің тұлға жағынан жекелеген өзгешеліктері (грамматикалық жағынан бұл сөйлемдердегі сөз түрлендіруші жүйенің әр ыңғайда тұруынан көрінеді), компоненттердегі элементтердің сан жағынан жекелеген сәйкессіздіктері жатады. Оны параллель ететін — жақ, шақ бірдейлігі, санама қатынас. Іс-әрекет, мезгілділік, санамалылық арнасына түседі» [7; 297], — дегенді айтады.

Н.Ш.Мамедов те толық және толық емес параллелизмдердің осы сияқты белгілерін көрсетеді [8]. Толғауларда синтаксистік құрылымдардың (лексикалық құрамы әр түрлі болуы мүмкін) тепе-тең түрде қайталануы арқылы параллелизмнің жасалуы — жиі кездесетін құбылыс. Мұндай сөйлемдердегі синтаксистік конструкция арақатыстылықтың үлгісіне қарай толғаулардағы жарыспалы құрылымдарды топтастыруға болады.

Құрылымы **«толықтауыш, баяндауыш»** үлгісінде келіп құрылысы тепе-тең түрде қайталанатын сөйлемдер:

*Айналаңды берік етер,
Жиган малың тәрік етер,
Атың, тоның бұлды етер,
Өз басыңды олжа етер* (Шалкиіз) [9; 76].

«Анықтауыш, бастауыш, баяндауыш» қатарымен сипатталған сөйлемдер түзілісі:

*Ғаділ төре ел бастар,
Батыр жігіт жау бастар,
Аға жігіт қол бастар...* (Шалкиіз) [9; 86].

«Пысықтауыш, бастауыш, баяндауыш» үлгісінде келген тізбекке Жиёмбет жыраудың мына толғауындағы жолдар дәлел болады:

*Үш ай тоқсан кезінде,
Қошқар менен бура мас,
Қақ көктемнің кезінде
Айғыр менен бұқа мас.
Жас болжалы жеткенде
Қыздар менен жігіт мас...* [9; 97].

Ақтамберді жыраудың мына толғауындағы конструкцияны **«толықтауыш, қаратпа сөз, баяндауыш»** құрылымды сөйлемдер тепе-теңдігі құрайды:

*Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін...* [9; 106].

«Анықтауыш, толықтауыш, баяндауыш, бастауыш» қатарымен келген сөйлемдер үлгісі Бұқар жыраудың мына толғауынан кездеседі:

*Биік тауға жарасар,
Ығынан тиген панасы.
Терең сайға жарасар,
Тобылғылы саласы.
Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.*

*Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы [9; 30].*

Асан Қайғының мына жолдарындағы сөйлемдерінде құрылым «анықтауыш, бастауыш, толықтауыш, баяндауыш» тепе-теңдігімен қайталанған:

*Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадырын не білсін.
Қырда жүрген дуадақ
Су қадырын не білсін [9; 63].*

Ал Шалкиіз жыраудың мына жолдарындағы құрылымдық желіні жіктік жалғаулы қатармен бірге (**алтынсың – пұлмын**) жіктеу есімдігінен болып тұрған бастауыштар (**сен – мен**) қоса жетілдіре түскен:

*Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін.
Сен сұлтансың – мен құлмын,
Сен сұңқарсың – мен қумын... [9; 79]*

Қатар келген сөйлемдердің тұрақты параллельдігін сол сөйлемдердің құрылымының бірдейлігі жүзеге асырып тұр. Осы арқылы мағыналары бөлек келетін сөйлемдер бірыңғай синтаксистік байланысқа ие болады. Ал бұл байланыс — ол сөйлемдерді мәтін ішіндегі байланыстырушы тәсілдердің маңыздысы.

Бұл конструкциялы құрылымның, яғни синтаксистік параллелизмге түскен сөйлемдердің, грамматикалық теңдік дәрежесін, О.Бүркітов нақты көрсетеді: «Ал осы құрылымның тілдік табиғатына көз жүгіртсек, көптеген мәселелерді анықтай аламыз:

1. Өлеңнің параллель шумақтарында құрылымы бірдей сөйлемдер қайталанып қолданылған.
2. Қайталама құрылымды сөйлемдердің басым бөлігі бірдей сөздердің қайталануы арқылы берілген.
3. Қайталама құрылымды сөйлемдердегі сөйлем мүшелерінің орны үнемі тұрақты сипатта.
4. Өлеңдегі қайталама құрылымды сөйлемдер де, оның құрамындағы қайталанып келетін сөздер де бір заңдылыққа негізделіп берілген» [6; 6].

Қатар келген жай сөйлемдердің бір-біріне құрылымдық жағынан сәйкес келуі, яғни сөйлем мүшелерінің саны бірдей және олардың орналасу реттерінің тура болуы, — толғауларда сирек жайт. Кездескен жағдайда мұндай қатар шығарманың аз ғана бөлігін қамти алады. Себебі толғау мәтіндері тармақтарының өлшемі үнемі бірдей сактала бермейді.

Алайда бұл параллель конструкциялар жыраулар туындыларындағы дербес сөйлемдерді құрылымдық жағынан тізбектеуші тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл сөйлемдердің мағыналық бірлігі болмаса да, тұтас құрылымдық бірлік пайда болып, сол арқылы қатар келген сөйлемдер бірыңғай синтаксистік жүйеге топтасады.

Толғаулардағы сөйлемдер қатарының осы түрдегі тепе-тең жағдайы ондағы құрмалас сөйлемдерден ерекше байқалады. Қатар келген құрмалас сөйлемдердің сыртқы құрылымының бірдейлігі жыраулар туындыларында мол кездеседі. Өлеңді сөздерде қатар келген құрмалас сөйлемдер арасындағы параллель түзіліс қатар келген жай сөйлемдерге қарағанда ерекше. Себебі құрмаластағы мағыналық та, грамматикалық та байланыс қатары өте берік жымдасады. Демек, бұлар түйдекті келген ой жүйесін бірыңғай топтайтын факторлар ретінде танылады. Сондықтан толғаулар ішінде құрылымы тең дәрежеде келіп параллель тізбектелген құрмаластар аз емес. Оларды құрмаластың түрлеріне қарай беруге де болады.

Толғаулар мәтнінде бір оқиға не іс-әрекет негізін беру мақсатында қолданылатын шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер мол кездеседі. Аталған құрмаластың түрі бұл тұрғыда аса қолайлы. Соның дәлелі ретінде олардың бір толғау бойын тұтастай алып жататынын байқауға болады. Ондай жағдайда қатар келген бірнеше шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер бір-бірімен құрылымдық әрі ұйқас жағынан берік жымдасып жатады. Бұндай қатарлы тізбек көбіне сол шығарманың бүкіл дерлік бөлігін қамтып тұрады. Аталған жайт туындының құрылымдық сипатын жасауда шешуші рөл атқара алады. Олардың қатарының көп болуы жыраулар шығармалары мазмұнының болжам, мензеу түрінде келуімен байланысты.

Басыңқы сыңардағы сөйлем мүшелері келесі құрмалас сөйлемдегі басыңқы сыңармен сыртқы құрылымдық үйлесім түзей отырып, бағыныңқы компонентпен қоса қатар келген құрмалас

сөйлемдерді жалпы құрылымдық тепе-теңдікке алып келеді. Бұл тепе-теңдік, қай жағынан алып қараса да, өзінің ішкі үйлесімін соңына дейін сақтап қалады.

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем автордың белгілі бір идеяны беруін жүзеге асырушы басты амал болып саналады. Мұндай толғаулар мәтіні бүтіндей автор тарапынан қолға алынатын ой-пікірді неғұрлым үздіксіз жеткізу орайын көрсетеді. Соның нәтижесінде бірінен соң бірі еселеніп келетін тең дәрежелі компоненттер тізбегі пайда болып, олардың теңдік жағдайын мағынасы мен құрылымы тұрғысынан байқай аламыз. Осы сипатты тізбекті қатар мына толғаулар мәтіндерін толық алып жатқаны көрінеді.

Асан Қайғы:

*Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез гарып,
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз гарып [9; 62].*

Ақтамберді жырау:

*Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Артынан жаман шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең.
Қайырлы болса баяжан
Дария шалқар көлмен тең.
Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең [9; 117].*

Бұқар жырау:

*Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп... [9; 18].*

*Ауылда адам бар болса,
Ауыл ала болмайды.
Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды [9; 30].*

Бұл толғауларда мәтіннің құрылымын бір-бірімен бірдей жақ-шақ формасында есімшенің *-ар* қосымшалы баяндауышымен қоса бағыныңқы сыңар баяндауышының бірыңғай шартты рай (*-са*) түрімен келуі түзеп тұр. Сонымен қоса ұйқасқа қатыстырылған мүшелердің 1-мысалда көсемшенің *-ып* жұрнағымен бірыңғай келуі, қалған үш мысалдың алғашқы екеуінде есім сөздердің (*гарып, тең*) соңғысында етістіктің (*болмайды*) қайталануы бұл құрылым байланысын еселей түседі.

Бұл толғаулардағы қатар келген сөйлемдерді параллель қатар жасауға *-са, -се* шартты рай қосымшасы қатыстырылуымен қоса, бағыныңқы сыңардың баяндауыштары бірдей қосымша қабылдауы арттырып тұр.

Келесі келтіретін толғауларда да параллель қатар сыртқы форманың бірдейлігінен болып келген. Жоғарыдағы толғаулардан айырмашылығы — есімшенің болымсыздық мағыналы *-с* қосымшасының басыңқы сыңар баяндауышында келуі.

Үмбетей жырау:

*Бай болмаған бай болса —
Жайламаған сай қоймас.
Би болмаған би болса —
Айтылмаған сөз қоймас... [9; 130].*

Бұқар жырау:

*Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жорадан.*

*Атасыздан би қойсаң,
Босамас аузы парадан [9; 22].*

*Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға шабар ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа түсер ұл тумас... [9; 26].*

Бір-бірімен тіркесе қатар келген шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер бағыныңқылы сыңардағы *-са, -се* шартты рай қосымшасы мен басыңқыдағы баяндауыштардың көбіне есімшенің жұрнақтарын қабылдауы арқылы параллель түзіліс жасайды.

Толғаулардан мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің параллель қатарға жіктелуін де кездестіре аламыз. Мұнда автор іс-әрекетінің мақсаты тізбекті беріледі. Сол арқылы іс-әрекет, кимылдың динамикасы еселеніп тұр.

Жиёмбет жырау:

*Азап шектім аралда,
Ханға қарсы тұрам деп.
Түн ұйқымды бөлгенмін
Жұртымды жөнге салам деп... [9; 101].*

Ұйқас құру мақсатында басыңқы сыңар бағыныңқылы сыңардан бұрын келген. Мұнда мағыналық бірлікпен бірге компоненттерінің орын ауыстырулары, бағыныңқылы сыңарындағы қайталау (*деп*) және жақ-шақ формасының теңдігі тармақаралық өзара байланысты ерекше арттырып тұр.

Бұқар жырау толғауы мәтінінен кездескен мына параллель қатарды көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер жасаған:

*Батпақты сайға су түссе,
Атың арып келгенде
Өткел бермес кешерге.
Қайырсыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде
Саумал бермес кешерге [9; 14].*

Ал бұл жолдарда берілген параллельдіктің жөні ерекше. Себебі мұнда көп бағыныңқылы сабақтастардың грамматикалық құрылымы барлық жағынан жымдасып тұр. Бірінші компоненттер баяндауыштары бірдей шартты рай қосымшасын (*-са*) қабылдауы, ал келесі сыңарлардың баяндауыштары қайталану арқылы (*келгенде, кешерге*) берік байланысқа ие болған.

Сабақтас құрмалас сөйлемдер параллельдігін сөз еткенде байқағанымыз — жыраулар поэзиясының өзіндік ерекшеліктерінің бірі болжау, ақыл-өсиет мазмұнына сәйкес көбіне шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің параллель қатарға тізбектелуі.

Ендігі сөз етеріміз — толғаулардағы салалас құрмалас сөйлемдердің параллель түзіліс жасауы. Бір ерекшелік — салаластың себептес түрінің толғауларда параллель қатарға түзілуі көп кездесетіні. Олар шығарманың ішкі мазмұнымен қатар құрылымдық жүйесін де жасап тұрады.

Ақтамберді жырау:

*Атты мінсең зорды мін,
Биік біткен теректей.
Қару алсаң, мылтық ал,
Қарның аиша — тамағың... [9; 116, 117].*

Шалкиіз жырау:

*Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Со жаман айғақ болар басыңа [9; 79].*

*Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты.*

*Жаманға жақыным деп сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты!* [9; 84].

Бұқар жырау:

*Мал жинасаң, қойдан жи,
Майы кетпес шарадан.
Ит жинасаң, сырттан жи,
Қойды бермес қорадан* [9; 21,22].

Бұл толғаулардағы қатар келген себеп бағыныңқылы құрмалас сөйлемдердің бірыңғай мағыналық байланысы мен құрылымдық теңдігін бағыныңқы сыңарларының баяндауышында бұйрық райдың (*мін — ал, атпа — айтпа, жұрме — айтпа, жи — жи*) болуы, жасырын тұрған екінші жақ субъекті (*сен*) және басыңқы сыңар тармағының соңында тұрған ұйқас жасаушы сөйлем мүшелерінің морфологиялық көрсеткіштердің (*қасыңа — басыңа, тайғақ-ты — айғақ-ты, шарадан — қорадан*) бірдейлігі жүзеге асырған. Өлеңнің өлшемі бұзылмас үшін бұл толғаулардағы себептес салалас құрмаластардың себепті сыңары салдарынан кейін келген.

Қарсылықты салаластардың сыртқы құрылымының параллелі жыраулар туындыларындағы мәтін түзілісінің бір қырын көрсетеді.

Бұқар жырау:

*Мырзалық қонаққа пайда, малға қас.
Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас.
Өтірік сөз, о дағы пайда, иманға қас
Өткір пышақ қолға пайда, қынға қас* [9; 26, 27].

Мұнда қарсылықты бағыныңқылы салалас сөйлемдердің бағыныңқы және басыңқы сыңарлары бір тармақта орналасқан. Екі сыңардың да баяндауыштары есім сөздерден (*пайда, қас*) болып, қатар келген төрт тармақта бірдей қайталаынады. Сондай-ақ тармақтар арасындағы байланыс морфологиялық қосымшалармен (*қа-*) қазықтала түскен.

Ал Бұқар жыраудан берілген мына толғаудағы құрмалас сөйлемдер тізбегі бірыңғай мағыналық параллель қатармен бірге құрылымдық біркелкілік арқылы да жасалып тұр. Бағыныңқы сыңарлардағы баяндауыштар (*өлгені*) мен басыңқы сыңар баяндауыштарындағы грамматикалық қосымшалар қайталануы (есімше және тәуелдік жалғауының III-жағы) салдарынан байланыс түзілген:

*Асқар таудың өлгені —
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені —
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мең күннің өлгені —
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені —
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені —
Қар астында қалғаны... [9; 27].*

Жыраулар туындыларының мәтіндеріндегі қатар келген сөйлемдердің құрылымдық теңдігін осындай сипаттарда көре аламыз. Бұларды жай сөйлем және құрмалас сөйлемдер негізінде танытуға тырыстық.

Құрмалас сөйлемдерге қатысты айтарымыз да — олардың бір толғау бойында құрылымдық тепе-теңдікте қолданылып, сол шығарма көркемдігін айшықтайтыны. Бұл — олардың жыраулар туындылары ішінде ерекше байқатылатын жайы. Әрине, бұған құрмалас сөйлемдердің барлығы дерлік келе бермейді.

Бұлардың әсерінен туындының сыртқы көркемдік бейнесі мейлінше келісті жасалады. Бірінен соң бірі келіп отыратын сөйлемдер тізбегінде белгілі бір үйлесім туындайды. Сол арқылы сыртқы пішін тартымдылығы пайда болып, ол өз кезегінде ішкі мазмұнмен астасып, шығарманың бірыңғай тұтасымын жасайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. — М.: Сов. энцикл., 1966. — С. 311.
- 2 Өмірәлиев Қ. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. — Алматы: Ғылым, 1976. — 23-б.
- 3 Томашевский Б.В. Стилистика и стихосложение. — Л.: Наука, 1959. — С. 279.
- 4 Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. — Алматы: Ана тілі, 1965. — 200-б.
- 5 Кирпичникова Н.В. О способах объединения предложений в связной речи // Русский язык в школе. — 1960. — № 5. — С. 41.
- 6 Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: Филол. ғыл. д-ры ... автореф. — Алматы, 2001. — 49 б.
- 7 Абдуллаев К.М. Синтаксический параллелизм (на материале огузского памятника «Книга моего деда Коркута»): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — М., 1976. — 22 с.
- 8 Мамедов Н.Ш. Лексико-синтаксический параллелизм между частями сложного предложения: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — Баку, 1994. — С. 9, 10.
- 9 Алдаспан: XV–XVII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1971. — 210 б.

М.Ш.Кабанов, Ж.З.Кадина

Связь между предложениями в жанре толғау

В статье рассмотрена синтаксическая структура поэзии жырау на примере известных сказителей устно-поэтического творчества казахского народа, таких как Шалкииз, Доспанбет, Бухар и другие. Проанализированы формы связи в тексте жанра толғау посредством изучения расположения простых предложений и соответствия количества членов предложений. Особо выделены сложносочиненные и сложноподчиненные предложения, которые несут на себе структурообразующую функцию. Авторы приходят к выводу, что исследуемые конструкции являются отличительной особенностью древней поэзии жырау.

M.Sh.Kabanov, Zh.Z.Kadina

The relationship between the proposals in the genre of Tolgau

The article discusses the syntactic framework poetry bard examples of famous narrators of oral poetic culture of the Kazakh people, such as Selkies, Dushanbe, Bukhar m other bard. Examines forms of communication in the text of the genre Torgau by studying raspolojenia simple sentences and matches the number of members of the proposals. Highlights the difficult-written and hard-subordinate sentences that carry strcuture function. At the end of the article the authors conclude that the study design is a distinctive feature of ancient poetry of the bard.

References

- 1 Akhmanova O.S. *Dictionary of linguistic terms*, Moscow: Soviet Encyclopedia, 1966, p. 311.
- 2 Omiraliyev K. *XX–XIX asarlarda Kazakh poutiatine tili*, Almaty: Gylym, 1976, p. 23.
- 3 Tomashewski B.V. *The style and versification*, Leningrad: Nauka, 1959. p. 279.
- 4 Kordabayev T.R. *Problems of historical syntax*, Almaty: Ana tili, 1965, p. 200.
- 5 Kirpichnikova N.V. *Russian language at school*, 1960, 5, p. 41.
- 6 Burkitov O. *The repetition of linguistic systems in the Kazakh language: doctor of philological Sciences abstract*, Almaty, 2001, 49 p.
- 7 Abdullayev K.M. *Syntactic parallelism (on the material of Oguz monument «The book of my grandfather Korkut»): Candidate of philological Sciences abstract*, Moscow, 1976, 22 p.
- 8 Mamedov N.Sh. *Lexical – syntactic parallelism between parts of a complex sentence: Author. cand. Dis. ... Philology. Sciences*, Baku, 1994, p. 9, 10.
- 9 *Aldaspan: The XV–XVII century collection of works of the Kazakh akyns and Zhyrau*, Almaty: Zhazushy, 1971, p. 210.